



# БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА ТАРИХЫ

## 2-ТОМ ОРТА ҒАСЫР ФИЛОСОФИЯСЫ

Ортағасырлық университеттер  
және діни ордендер





**Мақсат** – Орта ғасырдағы схоластық философияны, оның ішінде, Гроссетест, Ұлы Альберт және Бонавентура ілімдерін талдау.

#### **Жоспар**

XIII ғасырдың жаңашыл шабыттары.  
Роберт Гроссетест және Ұлы Альберт.  
Джованни Фиданца (Бонавентура).

#### **Түйін сөздер**

Университеттер, діни ордендер, францискалықтар, доминикалықтар, схоластика.

XII ғасырдың екінші жартысында әл-Кинди, әл-Фараби, әл-Ғазали және ибн Габирольдің аса құнды философиялық кітаптары, ибн Синаның «Китаб-әл-Шифа» еңбегінің маңызды бөлімдері араб тілінен аударылды.

Шамамен 1220 жылы Майкл Скоттың орасан зор міндетті өз жауапкершілігіне алып Ибн-Рушдтың Аристотель еңбектеріне жазған түсіндірмелерін латын тіліне аударуы латын аристотелизмінің болашақ тарихы үшін аса маңызды дүниеге айналды. Сондықтан, XIII ғасырдың басында философтар Аристотельдің аударылған еңбектерін зерттеп, аристотельдік мәтіндер мен түсіндірмелердің ауқымды мұрасына ие болды. XIII ғасыр ақыл-ойдың кемелденіп, философияның қайта өрлеген дәуірі болды. Идеялардың осылайша дамуына осы ғасырдың басындағы екі жаңалық – университеттер мен діни ордендер едәуір ықпал етті.

Болонья және Салерно университеттерінің Еуропаның ең алғашқы университеті деген атақты иеленуге дәмесі бар. Болонья 1088 жылы өзінің 900 жылдық мерейтойын атап өтті. Ал Салерно XII ғасырдың ортасында гүлденген оқу орнының бірі болды. Алайда 1565 жылға дейін бұл университеттің тұрақты оқу ғимараты болған жоқ. Салерноның да академиялық атағы ұзаққа бармады. Бұл екі оқу орны да, негізінен, құқық пен медицинаны оқытуға мамандандырылған мектептер еді. Жоғары білім беру институттарының үлгісі ретінде Париж бен Оксфорд университеттерін атай аламыз. Париж 1215 жылы, ал Оксфорд шіркеу папасының заңдастыруымен өз мәртебесін одан бір жыл бұрын алды. Университет – XIII ғасырдың жаңалығы.

Орта ғасырдағы дәстүрлі университеттерде төрт факультет болды. Олар: көпсалалы гуманитарлық білім беретін факультет және дінтану, құқық, медицинаны тереңдетіп оқытатын үш кәсіби факультет. Орта ғасырда жеті еркін өнер түрі болды. Олар триумвиумдар: грамматика, диалектика риторика; және квадриумдар: арифметика, геометрия, астрономия, музыка деп бөлінді. Әрбір ғалым осы өнер-ғылымның барлығын меңгеруі тиіс болды. Бір университетте лицензиясы бар ұстаз басқа университеттерде де сабақ беруге құқылы болды. Ғалымдардың барлығы ортақ тіл ретінде латын тілін қолданғандықтан, студенттер де басқа университеттерге ауысып, елден елге көшіп оқи беретін болған. XVIII ғасырға дейін латын тілі халықаралық ғылыми тіл болды. Коперник, Ньютон, Ломоносов өз жазбаларында осы тілді пайдаланды. Қазіргі таңның өзінде, кейбір еуропалық университеттерде салтанатты сөз сөйлеу мен дипломдық жұмыстар жазу латын тілінде іске асады.

Факультеттерде оқу бағдарламасы университет бекіткен мәтіндер бойынша жүргізілді. Орта ғасырлық университетте оқытылатын дәріс (тікелей мағынасы – оқу) білімді таратудың негізгі түрі болды. Кітаптар аз және қымбат болды. Сондықтан теологиялық және ғылыми еңбектерді оқу мен түсіндіру ақпарат берудің маңызды түрі еді. Гуманитарлық ғылымдар факультетінде негізгі қағидалар мен ережелерді бекіту біраз уақытты қажет етті. 1210 жылы Париж университеті Аристотельдің жаратылыстану бойынша жазылған барлық дәрістеріне тыйым салып, оның мәтіндерін түгелдей жоюды ұйғарды. Бұл шешімді шіркеу папасы бекіткенімен, ол көп ұзамай күшін жойды. 1255 жылдың соңында Аристотельдің «Физикасымен» қатар «Метафизика», «Этика», сондай-ақ, өзге де әйгілі еңбектері міндетті оқу бағдарламасына қайта енгізілді, – дейді Кенни.

Университеттердің қызметі екі дүниенің тууына себепкер болды. Біріншісі – дін қызметкерлері мен дінге сенетін қарапайым азаматтардан тұратын ғалымдар сословиесі қалыптасты. Шіркеу оларға аян ақиқатын үйрету миссиясын сеніп тапсырды. Дәстүрлі шіркеу және



зайырлы биліктің қатарына, үшінші – интеллектуалдар билігінің қосылуы бұл үрдістің тарихи маңыздылығын көрсетеді. Интеллектуалдардың әлеуметтік өмірге тигізген ықпалы уақыт өте келе елеулі бола бастады.

Екіншісі – Париж университетінің ашылуымен тығыз байланысты. Бұл оқу орнына барлық сословиелердің студенттері мен оқытушылары ағылды және осыдан кейінгі дәуірлерде университеттерде ақсүйектік сипат басымдық алса, орта ғасырдағы университет «халықтық» сипатта болды. Шаруалар мен қолөнершілердің балалары бірқатар жеңілдіктер (яғни, оқу ақысының төмен болуы және тегін жататын орынның болуы) арқасында студент атанды. Олардың «бекзаттығы» ендігі жерде шығу тегіне байланысты емес, тірнектеп жинаған мәдени ілімінің деңгейіне қарап анықталды.

Сол ғасырдағы интеллектуалды өмір үшін университет құрумен қатар, кезбе монахтардың, францискалықтар мен доминикалықтардың діни ордендерін құрудың маңыздырақ болды. Әулие Ассизилік Франциск 1210 жылы шіркеу папасынан рұқсат алып, аздаған дін уағыздаушылардан тұратын кедейлер қауымдастығына билігін орнатты. Әулие Доминик монахтар ғибадат ету және ересейтерге қарсы насихат жүргізу үшін монастырь салғызды. Шіркеу папасы 1216 жылы оның орденін қолдайтынын жариялады. Францискалықтар мен доминикалықтар садақаман өмір сүруі керек болатын. Алайда, францискалықтарға қарағанда олардың сенімінің көркемдік сипаты төмендеу, ғылыми жағы басымырақ болды. Орденнің негізін салған монахтардың бірінші буыны өмірден өткеннен кейін францискалықтар да доминикалықтар сияқты академиялық ортада белсенді бола түсті. 1219 жылы осы екі орден де Париж университетінде құрылды. Қара бауырлар (доминикалықтар) Оксфордқа 1221, ал Сұр бауырлар (францискалықтар) 1224 жылы келді. 1230 жылы әрбір орден ол жерде өз мектебін ашты.

Классикалық орта ғасырдағы ұлы философтардың басым бөлігі осы екі орденнен шықты. Кеннидің айтуынша әйгілі ойшылдардың бесеуі орденнің мүшелері. Оның ішінде Әулие Альберт, Әулие Акуинолық Томас доминикалық, ал Әулие Бонавентура, Иоанн Дунс Скот және Уильям Оккам францискалық орденнен шыққан. XIV ғасырда дарыны жағынан осы философтармен тең түсетін философ Джон Уиклифтің есімі белгілі. Алайда ол монах емес, ақсүйек діндарлардың бірі болды.

XIII ғасырдағы негізгі үш жаңалықты, яғни Аристотель ілімінің мойындалуын, университеттердің дамуын және кедей ордендердің ықпалының күшеюін ағылшын ғалымы Роберт Гроссетесттің (1170–1253) шығармашылығынан көруге болады. Ол 1235 жылы Линкольнде епископ болды. Оксфордта оқыды және университеттің алғашқы канцлерінің бірі болды. 1225–1230 жылдары Оксфорд мектептерінде дәріс берді. 1230 жылы францискалықтардың жаңадан салған үйіне көшіп барып, епископтыққа сайланғанға дейін бес жыл бойы ұстаздық қызмет атқарды. Философиялық және ғылыми жұмыстар жазумен қатар, Аристотельдің «Алғашқы аналитика» еңбегінің латын тіліндегі нұсқасына алғашқы болып түсіндірме жазды. Жасы ұлғайғанда грек тілін меңгеріп, «Никомах этикасын» түпнұсқадан тәржімалады.

Тәжірибелік ғылымның теоретигі әрі практигі, Оксфорд мектебінің жаратылыстану дәстүріне шабыт беруші Гроссетест Батыс Еуропадағы тәжірибелік ғылымның негізін салушыға айналды. Аристотельдік ғылыми мәтіндерге түсіндірмелер жазумен қатар, ол астрономия мен метеорология саласында өзі де трактаттар жазды. Бұл жерде ол өзінің жаратылыстану тарихы туралы керемет білімін паш етеді.

Роберт Гроссетест эмпирикалық тәсілдің негізі ретінде Аристотельдің логикалық сызбасын алады. Ғылыми таным құбылыстардың номиналды, себептік және тектік негіздерін анықтауды іздеуге бағытталған эксперименттік деректерді индуктивті талдау негізінде басталады. Содан кейін, дедуктивті синтез арқылы осы жолды кері бағытта қайтара өтеді, яғни, алынған жалпы пайымдаулардан шығып (күтілетін жалпы себеп) салдардың формаларды қалыптастыру ерекшеліктерін құрып, нақты саладағы әрбір құбылысты қайта тексеріп, шығарады.

Ғылым мен метафизиканың тоғысуын Гроссетесттің біртума ілімінің бірі, жарық теориясынан көреміз. Оның пікірінше, жарық – бірінші жаратылған денелік форма. Ол қарапайым затпен бірігіп, өлшемі жоқ қарапайым субстанция құрады. Бастапқыда қарапайым болған субстанция бір мезетте ғаламның алыс шекараларына таралып, үш өлшемді туындатты. Ол ең сыртқы қатты қабаттан (сферадан) ішкі қабатқа қайта оралып, қатарынан тоғыз аспан сферасын түзді.



Солардың ішіндегі тоғызыншысы – Ай. Жарық осы сферадан жерге бағыттталып, нәтижесінде жердің төрт қабаты – от, ауа, су, жер пайда болды. Бұл туралы қазір әртүрлі физикалық теориялар бар. Ал Гроссетесттің олардан айырмашылығы – осының барлығын әуелден-ақ теологиямен байланысты қарастыруы. Жарық – Құдай жаратылысын дәлірек көрсете алатын табиғи болмыс. Жарық Құдай сияқты, ол сыртқы әсерлерсіз-ақ өздігінен ғаламды бір нүктеден жарата алады. Барлық жаратылыстың ішінен тек жарық қана кіршіксіз форма мен әрекетке жақын. Шындығында, Құдайдың өзі – мәңгілік жарық, ал періштелер – денесіз оттар. Құдай – барлық формалар мен түрлердің үлгісі бола алатын ғаламдағы күллі дүниенің әмбебап формасы. Тек Құдайдың шапағатымен, яғни ең жоғары, ең құдіретті шындық арқылы ғана адам зердесі қандай да бір ақиқатқа жете алады.

Метафизика мен ғылым немістің тұңғыш философы Ұлы Альберттің еңбектерінде де сабақтасып жатты. Оның еңбектерінің елеулі бөлігі ғылымға арналған. Альберт XIII ғасырдың басында Швабияда дүниеге келген. Падуа қаласында өнер саласында білім алып, 1223 жылы доминикалық орденге мүше болды. 1245–1248 жылдары Парижде дінтанудан дәріс оқыды. Оның жас шәкірттерінің арасында Акуинолық Томас та болған. 1248 жылы Альберт Томасты жаңа зерттеу мектебін құру мақсатында Кельнге алып кетеді.

Альберт – Аристотельдің жаңадан аударылған еңбектеріне ерекше ықыласпен зер салған алғашқы схоластардың бірі. Аристотельдің «Этика», «Жан туралы» және «Метафизика» еңбектеріне түсініктерді ибн Рушдтың үлгісінше жолма-жол түсіндіруден гөрі ибн Синаның үлгісімен толыққанды баяндап жазды. Ол Аристотельдің «Саясат» атты еңбегінің латын тіліндегі түсіндірмесінің алғашқы авторы болды.

Жан – жақты білімі үшін Альберт – Doctor universalis – Әмбебап доктор атағына ие болды. Ол Құдайды танудың философиялық және теологиялық бөлінуін бес түрге жинақтайды:

- Философиялық жолға тек ақылдың нұрлануы арқылы жетеміз. Сенім жолы – ақылдан ұзақ және жоғары;
- Философия тікелей анық нысандардың алғышартынан шығады, ал сенімді «люмен инфузум» деп аталатын ақылды нұрландыратын жарық жетектейді. Ол ақылға көрінбейтін көкжиекті көрсетеді;
- Философия өз тәжірибесінде жаратылған нысандарға сүйенеді, ал сенім болса Құдайдан, яғни аянда берілгеннен алады;
- Ақыл Құдайдың бар екенінің байыбына бара бермейді, ал, сенім, белгілі бір деңгейде Құдайдың бар екенін біледі;
- Философия теориялық үрдіс, сенім интуитивті, әсершіл, өйткені, адам болмысын Құдайға деген махаббат кеңістігіне орналастырады.

Осылайша, ақиқатты тану екі жақты. Өзіндік заттар философия объектісі болса, қасиет-тілік саласы – теология пәнінің аймағы. Ол аристотельдік таным психологиясын, Аугустиннің теологиясы мен философиясы қосылған тринитарлы жан психологиясын бөледі. Қасиетті Үштіктің құпиясы, Жаратылу теориясы жайында ой қозғап, теологиялық жолды мойындайды. Философия бұған жауап бере алмайды. Философ әлем өз-өзінен жаратылмағанын мойындайды, бірақ жаратушы идеясына дейін жете алмайды және әлем мәңгі ме жоқ па, жан өледі ме әлде мәңгі ме деген мәселелерде тиісті дәлелдер ұсына алмайды. Ал теолог болса мүлдем күмәнданбайды. Әлем жаратылған, жан бірегей және мәңгі. Теология философиялық себептерді іздемейді. Себебі ол ақылға емес, аянға негізделген және нұрға бөленген. Өйткені, Үштік, қайта оралу және өзге түрге айналу туралы сөз қозғағанда оларды диірмендер, лавкалар және инелік жайында айтқан әңгімелер секілді айта алмаймыз ғой. Теологтар адамның ішкі жан дүниесінен философтардың ойына да кіріп шықпайтын жаңа қабілеттілікті, ерекше ақиқатты, өзгеше ғылыми саланы ашты. Мұны Аугустин «жоғарғы рацио» деп атады. Жанның бұл бөлігі ғылымға емес, даналыққа жұмыс жасайды. Соңғысы Жаңа күннің сәулелері жанға түсіп, бұрынғы мәлім мәселелерді жаңаша жарықтандыратын кезде, айырықша көрінеді. Мұнда біз – объектінің құрылымымен анықталған қарапайым және ерекше болып бөлінетін танымның екі түріне тап боламыз. Таным тәннің тікелей байланысы арқылы жүзеге асады, ал мәңгілік идеясының алдында ол, ендігі жерде, басқаша болады. Бірінші жағдайда бұл төменгі ақыл. Қарапайым таным. Екіншісінде – жоғарғы ақыл, ерекше таным. Егер бәрі осылай болса,



ендеше Аристотельге қарсы айтыстың мағынасы неде? Егер, – дейді Альберт – Аугустиннің Аристотельден басымдылығы жайында айтар болсақ, бұл оның жоғарғы ақылды түсіндіруінде, ал төменгі ақылға келсек, бұл жерде Аристотельге жетер ешкім жоқ. Ақиқаттың екі аспектісін және ақылдың екі жоспарын меңзеп, Альберт даналықты сеніммен нұрланған жоғарғы ақылдың еншісінде деп көрсетеді. Ал «сциенция», ғылым, тікелей себептерді ескере отырып, төменгі деңгейдегі заттарды меңгереді. Аугустиндық ойдың негізі болған грек даналығын да қоса алу керек, – дейді Альберт. Ал ол Аристотельден бастау алады. Біз ғылымда – заттардың табиғи тәртібінде болуы мүмкін құбылыстарды олардың жеке табиғи себептерінен іздеуіміз керек. Ғылымда айтылғанның бәріне сене бермеу керек. Бірақ, табиғи заттардың соңғы себептеріне дейін көңіл аударуымыз қажет. Сезімдерімізге қарсы келетін қандай да бір тұжырымға күмандануымыз керек. Табиғатты зерттеу нақты заттар келісімімен жүріп отыруы тиіс. Табиғатты зерттеу толыққанды білім емес. Әр түрлі көзқарастардан туындайтын кемшіліктерді жою үшін бізге көп уақыт пен қажырлы еңбек керек. Зерттеудің дәлелді негізі табылғанға дейін эксперимент арқылы көптеген мүмкін болатын жағдайларды қарастырып шығуымыз тиіс. Сезімдік көрсеткіштерге сүйенген дәлелдер тәжірибелік зерттеусіз жүргізілген пайымдаулардан мың есе артық, – дейді Альберт.

Альберт кейінгі орта ғасырдағы аристотельшілерге қарағанда Аристотельдің табиғатты эмпирикалық және тәжірибелік бақылау арқылы зерттеу керек деген көзқарасын жақтады. Оның ғылыми зерттеуге деген ынтасы өз қатарластарына қарағанда ерекше еді. Дүниеден озғаннан кейін оның Гроссетест тәрізді алхимик әрі данышпан ретінде де атағы шықты.

Доминикалық орденге қарағанда францискалық орденнің әуелден-ақ мистикалығы басым және схоластикасы кемшін болды. Доминикалық Альберттікі секілді францискалықтардың тұңғыш ұлы, философы Бонавентураның да ұстанымы Аристотельден гөрі, Аугустиннің көзқарасына көбірек жақын болды. Джованни Фиданца 1221 жылы Витербо маңында италиялық дәрігердің отбасында дүниеге келді. Оны бала күнінде шалдыққан ауыр дертінен Әулие Франциск айықтырды. Барлығы дерлік Франциск Ассизскийдің қадамы «құтты қадам» болғанын айтты. «Құтты қадам» латын тілінде «bona ventura» мағынасын береді. Сондықтан, Джованнидің есімін Бонавентура деп өзгерткен. Біршама уақыттан соң оның шын есімін барлығы ұмытып, тарихта тек Бонавентура есімі ғана қалды. Ол шамамен 1240 жылы францискалықтар қатарына қосылды.

Бонавентура 1243 жылы Парижге келіп, ресми түрде оқытушы лицензиясын 1248 жылы алады. 1253 жылы Париж университетіндегі францискалықтардың көсемі болды. Ол осы кезеңде Breviloquium атты діни оқулық жазды. Араға төрт жыл салып, бүкіл францискалық орденнің басшысы болған соң, оның алдындағы басты міндет – әртүрлі фракциялардың басын біріктіру еді. Бұл фракциялар Әулие Франциск өмірден өткеннен кейін де францискалықтардың рухын өз биігінен түсірмеуге бекінген топтар болды. Бонавентура орденді біріктіріп, қайта ұйымдастырды. Сонымен қатар Әулие Францисктің өмірі туралы екі еңбек жазды. Оның біреуін ресми өмірбаян ретінде қабылдап, екіншісінің мәтінін жоюды бұйырды. Бонавентураны тек академик басқарушы деп есептеу дұрыс емес. Ол басшылық қызметіндегі қарбалас жұмыстарының арасында жүріп «Сана арқылы Құдайды тану» атты діни-мистикалық трактат жазды, осы еңбегі қазір де көпшілікке белгілі. Онда Монте-Альверно тауында Әулие Францискке берілген аяннан алған әсері баяндалған. Ол 1274 жылы Лион соборы кезінде Шығыс пен Батыс шіркеулерінің бірігуін әйгілеген діни уағызынан кейін қайтыс болды.

Бонавентура еңбектерінде Платонның идеяларын қолдайтынын айтады. Бұл орта ғасырлық латын әлеміне оғаштау еді. Аристотельдің идеяны теріске шығару туралы бастапқы қателігінен өзге де бұрыс тұжырымдарын, атап айтқанда, «көріпкелдік жоқ, әлем мәңгілік, күллі дүниеде жалғыз интеллект бар, бұл әлемде мәңгі өмір сүруге болмайды, сондықтан жұмақ та тозақ та жоқ» деген тұжырымдарын сынады. Бонавентура «идея Құдайлық санадан тыс өмір сүрді» деген жорамалға сенген жоқ. Олар шығармашылық өмір негізінде пайда болған «мәңгі себептер» болды. Табиғаттағы материалдық объектілер емес, идеялар – адам танымының алғашқы объектілері болып келеді.

Бонавентура Аристотельдің гиломорфизмын қолдап, адам жаны адам денесінің формасы екенін мойындады. Ол Құдайдан басқаның барлығы материя мен формадан тұрады деп есептеді. Тіпті тәні жоқ періштенің рухы да материя мен формадан тұрады, олардың «рухани





материясы» бар деп есептейді. «Рухани материя» деген тіркестегі екі терминнің бір-біріне жай ғана қарама-қайшылығы болмаса, бұл ұғымның өзі нақты әрі толыққанды түсіндіруді қажет етеді.

Бонавентура Құдайды Игілік және Болмыс деп пайымдауларында Аугустин мен Кен-терберилік Ансельм іліміне сүйенеді. Құдай ол болмыс, Онда бейболмыстың жұрнағы да жоқ, демек Ол бар және ол ең мінсіз Жан. Құдай болмыс болғандықтан, оған еш нәрсе қосылып, одан еш нәрсе алына алмайды. Ол қарапайым, оны басқа біреу жаратпаған, сондықтан мәңгі. Бейболмыстан гөрі болмыстың қандай да бір түрі жақсы. Сондықтан болмыс ол игілік. Осылайша, біз Құдайдың екінші аты – Игілікті шығарамыз. Ол «сыйға тартылған жоғарғы қайырымды махаббаттың таза көзі». Дегенмен, Құдайды танудың басты тәсілі – мистикалық таным.

Сонымен, біз Энтони Кеннидің «Орта ғасыр философиясы» еңбегінде көрсетілген схоластикалық философияның жандануына себеп болған факторларды, сонымен қатар орта ғасырдың атақты схоластары – Гроссетест, Ұлы Альберт және Бонавентураның ілімімен таныс болдық. Келесі дәрісте біз атақты орта ғасыр схоласты – Акуинолық Томас философиясына талдау жасайтын боламыз.

#### Тақырыпты бекітуге арналған сұрақтар

1. XIII ғасырдың интеллектуалды өмірінде қандай жаңалықтар болды?
2. Әдеттегі орта ғасырлық еуропалық университет қандай факультеттерден тұрды?
3. Францискалық және доминикалық діни ордендерінің пайда болуы философияға қалай әсер етті?
4. Энтони Кенни XIII ғасырдағы жаңашыл шабыт деп нені меңзеді?
5. Гроссетесттің жарық туралы біртума ілімінің мәнісі?
6. Ұлы Альберт философиясының негізгі жақтары қандай?
7. Бонавентураның ойынша, Аристотель сынаған Платонның идеялар теориясын қалайша терістеуге болады?

#### Әдебиет

1. Anthony Kenny. Medieval Philosophy: A New History of Western Philosophy, Volume 2. – Oxford University Press. – 2014. – 352 p.
2. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 2 том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 400 б.
3. Рассел Б. История западной философии. В двух книгах. Книга 1. – М.: Миф, 1993. – 512 с.
4. <https://cosmozz.info/nauka/763-university-srednevekovya.html>
5. <https://iphlib.ru/greenstone3/library/collection/newphilenc/document/HASH6743a4cc7bb13ceecfee67>
6. <https://vikent.ru/author/1460/>
7. <http://www.pravoslavie.ru/94554.html>